

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№41 (7878)
Жұма
14 қазан
2022 жыл

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Әділдік бар жерде – береке бар

Жуырда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кезекті рет Қазақстан халқына арнаған Жолдауды жариялады. Еліміздің дамуы үшін маңыздылығы жоғары Жолдаудың негізгі бағыттары ел экономикасын жандандыру және әлеуметтік проблемаларды шешу болды.

Атап өтсек, Жолдауда айтылғандай, әйелдердің зейнетке шығу жасы 61-ге дейін төмендейді. Сондай-ақ, еліміздегі ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгеге дейін өссе, ұлттық қор табысының 50 пайызы 18 жасқа толмаған балалардың есеіне аударылатын болды. Тағы бір айта кететіні, кәсіп бастағысы келетін жастар үшін 2-2,5 пайыздық үстемемен несие берілетіндігі. Аталған өзгерістер жүйелі түрде іске асырылып, әлеуметтік ахуалдың дұрысталуына оң серпін бермек.

Одан бөлек, қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жарияланатын болды. Сонымен бірге қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отырған отбасылық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға жаза күшейтіледі.

Өз Жолдауында Мемлекет басшысы елі-

мізде жүргізіліп жатқан Конституциялық реформаның негізгі бағыты – саяси және әлеуметтік жүйені жаңғырту арқылы әділетті Қазақстанды құру екендігін атап өтіп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, тұрмысы төмен және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайын жақсарту бойынша бірқатар тапсырма жүктелді. Мемлекеттің тұтастығы мен ұлт құндылықтарын сақтау үшін ел бірлігінің маңызды екендігіне тоқталып, өз ұстанымындағы тарихи жауапкершіліктің салмағын да айқын аңғартты.

Сонымен қатар, Қ.Тоқаев биыл кезектен тыс президент сайлауын өткізуді, Президент өкілеттілігінің мерзімін 7 жыл етіп белгілеп, бірақ, қайта сайлануға тыйым салуды ұсынды. Сонымен қатар, 2023 жылы мәжіліс пен мәслихат сайлауы өтетін болды.

Ел Президентінің «халықтың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін көргім келеді» – деген сөзі азаматтық ұстанымы мен көп-басшылық қасиетін айқындай түскендей.

Д.Жақупов,
аудандық «Өнер мектебінің»
оқытушысы.

Ықылас

Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзін қолдау жөніндегі халықтық коалиция форумында ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы атады. Ол қағиданың ер-қайсысының маңызы зор. Тәуелсіздіктің қымбаттығын, жеріміздің тұтастығын, мемлекет мүддесін көздеген қағидаттар – Әділетті Қазақстандағы жаңа бағдар іспеттес.

Мемлекеттің тірегі – жалғыз Президент емес, бүкіл халық екенін айтып, жеті қағидатты жіліктеп беруі – ұлттың тұтастығын бекемдей түсері хақ. Өйткені, Жаңа Қазақстан рухани және тарихи құндылықтарға негізделуі керек. Бұл, әлбетте, жүзден аса ұлт пен ұлысты ұйыстырған мемлекетіміз үшін маңызды. Ел басшысының «Елдің тұтастығы қарапайым адамдардың өзара түсіністігінен басталады» деген сөзі ойға қонымды. Яғни, егемен еліміздің өркендеп, жүзденуі жолында кез келген адамның еңбегі маңызды. Бір-бірімізді қолдап, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда» ғана табысты елге айналарымыз анық.

Тәуелсіздік – басты құндылық. Тәуелсіздіктің бәрін де қымбат екенін естен мүлде шығармауға тиіспіз. «Тәуелсіздік бәрін де қымбат. Мен быттыр осы тұжырым туралы арнайы мақала жарияладым. Біз егемендігімізді сақтай алсақ қана, ұлт болып,

ел болып тұра аламыз. Тәуелсіз мемлекет қана өзінің тілін, жерін, дінін, ділін сақтап қалады. Сондықтан, Тәуелсіздік – біз үшін ең басты құндылық. Тәуелсіздікті қорғау және нығайту – әрбір азаматқа, бәрімізге ортақ міндет» – деген Президентіміз 7 қағидаттың алғашқы қағидаты етіп, Тәуелсіздікті айтуы осыдан. Оның астарында зор мән бар.

Содан соң жастарды еңбекке тәрбиелеу, масылдықтан ада ету де – баршамызға парыз. Босалқы сөзбен емес, елге іспен қызмет ететін ұрпақ қажет. Өркімде мемлекеттік ұстаным болуы – шарт. Олай етпейінше, елдікті сақтай алмаймыз.

«Ауылдан Ақордаға дейінгі шешімнің бәрі осы тұрғыдан қабылдануы қажет. Бір сөзбен айтсақ, әр істе мемлекеттік ұстаным болуы керек. Мемлекет мүддесі дегеніміз – халықтың мүддесі. Сондықтан, барлық шешімдер, жобалар, заңдар мен жарғылар ел мүддесін қорғауға арналады. Туған елге жанашырлық әр азаматқа тән қасиет болуға тиіс», – деді Президент. Ендеше, осы қасиетті сіңіре білу, оны ұрпаққа дарыта білу – борышымыз.

Сондықтан да, Президенттің жеті қағидатында айтылған дүниелерді қолдайтынымызды жеткізіміз келеді.

Қ.Рысбеков,
аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы.

Тағзым

Бүгінде бейбітшіліктің уысында, тыныштықтың құшағында өмір сүріп жатқан қазақтың талайлы тағдырында нелер келіп, нелер кетпеді?! «Алаш» деп әруақ шақырып, «Қазақ» деп кереге кергелі қиыншылық атаулымен

жерін жау қолынан азат ету үшін ер жүректі баһадүрлер атқа қонды. Аттың жалында, түйенің қомында жүріп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, «елі үшін етігімен су кешкен» сондай батырлардың есімі аңызға бергісіз өңгімемен астасып,

Еңселі ескерткіш бой көтерді



бетпе-бет келіп, Алланың демеуімен ауыртпапшылықты еңсеріп шықты.

Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген екі ауыз сөзбен бейнеленетін тауқыметті де тақсіретті замана бар. Қойын бағып, қойыртпағын ұрттап, қоңыр ғана ғұмыр кешіп жатқан елімізге іргелес Жоңғар әскері аш қасқырдай тұтқиылдан тиіп, құбақан тірліктің құтын қашырады. Осынау алмағайып уақытта елі мен

ел жадында жатталып қалды. Кешегі үш жүздің басын қосқан даңқты Абылай ханның жаужүрек батырларының бірегейі, әрі шешен, әрі өулие – Жидебай Қожаназарұлы Орта жүзден шыққан есімі иісі Алаш баласына мәшһүр ерлердің бірі.

Ел аузында «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда?!» деген сөз тегіннен-тегін айтылған емес.

(Жалғасы 2-бетте).

Аудан өмірінің айнасы

«АҚТОҒАЙ АЖАРҮ»

Газетке 1 жылға жазылу бағасы:
Жеке жазылушылар үшін – 3915,20 тенге;
мекеме, ұжымдар үшін – 4915,20 тенге.

6 айға жазылу бағасы:
Жеке жазылушылар үшін – 1957,60 тенге;
мекеме, ұжымдар үшін – 2457,60 тенге.

Аудан өмірінің айнасы, тол газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, агайып!

Газетке «Қазпошта» аудандық ауылымдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жұрт көңіліне қонған жәрменке

Қазан айының 8-ші жұлдызында Қарағанды қаласында «Ауыл Береке-2022» дәстүрлі жәрменкесі болып өтті. Бұл – биылғы облыстық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылып отырған шара. Енді алдағы екі сенбіде облыс орталығында тағы да жәрменкенің шатыры жайылмақ.

Қарағандының қақ ортасында орын тепкен «Global City» көтерме тарату орталығының маңы көлікке толды. Сауда қалашығының орталық алаңында сап түзей ақпаңқан сауда шатырлары

Осы шараға Ақтоғай ауданы атсалысты. Аудан әкімінің орынбасары Серік Амралин бастаған азық-түлік керуені, облыс төріндегі жәрменкеге қатысып қайтты. Өзге аудандармен тізе қоса, Ақтоғай ауданынан барған ауыл тұрғындарының тонна-тонна еттері, ұлттық тағам түрлері сауда нарығына қойылып, тұтынушыларын тапты. Біздің ауданымыздан барған мал өнімдері қоңдылығымен, молдығымен көзге түсіп, үлкен сұранысқа ие болды. Қарындағы



орналасқан. Әсем безендірілген алаң азық-түлік сауда сағатымен ғана емес, шырқалған әсем өң көңіл жадыратар өз қызықтарымен де қалың көпшіліктің көңілін көтеруде. Қарағанды жұртшылығы патша көңілдерінің қалауымен әр сауда шатыршасының алдында кезекке тұрып, сауда көрігін қыздырды.

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің ақпарына сүйенсек, жәрменкеге 8 аудандағы жүздеген шаруа қожалығы, серіктестіктер мен компаниялар қатысты. Бұл күні алаңға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 250 млн теңге сомасында 539,1 тонна өнім жеткізген. Атап айтсақ, 52 тонна ет, 340 тонна картоп, 110 тонна көкөніс, 17 тонна сүт өнімі, 7 тонна балық және балық өнімі, 175 мың дана тауық жұмыртқасы бар. Қала халқы мен қонақтар өнімді нарықтан 10-15% төмен бағамен сатып алды.

сары майды, сүт-қаймақты, құрт-ірімшікті, ауылдың төтті-дәмдісін сағынған қала тұрғындары сөрелерге қойылған тауарларды ықыласпен алып, алғыстарын жаудырып жатты.

Әкелген өнімдерін облыс жұртшылығына тиімді бағамен ұсынды. Сонымен, ауданнан жәрменкеге апарылған азық-түлік өнімдерінің көлемі жылқы еті – 1,8 тонна, сиыр еті – 5,2 және сүт өнімдері (айраң, құрт, сары май, т.б.) саудаға түсті. Сондай-ақ, Торанғалық ауылынан келген 200 келі балық өз тұтынушыларын тапты. Жалпы, ауыл шаруашылығы жәрменкесінде қай аудан болмасын артынып-тартынып, өнімдерін мольнан алып келген Берекелі-мерекелі жәрменкеде өнімін саудалаған ауыл еңбеккерлері де, тиімді бағамен күздігін қамдаған тұрғындар да дән риза.

Думан Қабыл.

Тіл тағдыры – ұлт ғұмыры

Ана тілім – дана тілім

Тілден асқан байлық жоқ. Тіл – қашанда ұлт мәдениетінің, өнер мен білімнің ұлы қаруы, алтын тұғыры, ұлттың ар-ожданы мен мақтанышы. Біздің қазақ тілі – өзінің мемлекеттік мәртебесін абыройымен атқарған, тілге оралымды сұлу тіл Түптеп келгенде, тіл адам жанының айнасы десек, қазақ мақал-мәтелдерінің майын тамыза отырып сөз мәйегіне тереңнен бойлайтын, көргенің, білгенің есіңе сақтап, тереңнен сұлайтын, ана тілінің қадір-қасиетін жете түсініп, әр сөздің мағынасына үңіліп, оның ұрпаққа қажетін ойлайтын басты байлығымыз – тіл.

«Өпкірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» – деп Абай атамыз айтқандай, тіл туралы сан алуан қысқа да нұсқа, терең мағыналы сөздер мен нақылдарды халқымыз мол тудырған,

сөздің айтулы шеберлерін «От тілді, орақ ауызды» деп мадақтаған. Ұлы жазушы Ғ.Мұстафиннің мына бір айтылған ұлағатты сөзі «Мұралар қилы-қилы, алуан-алуан, бірі аз, бірі көп жасайды, бірі – арзан, бірі – қымбат. Мұралардың ішінде сөзден қымбатты, асылы бола қоймас. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені, тіл байлығы бәрін де сенімді байлық» – деген екен.

Әлем таньған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биік ұстауымыз керек. Қасиетті қазақ тілі – атадан қалған аманат. Әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтап, тілдің орынсыз шұбарлануына жол бермеуі тиіс.

И.Нүрпейісова,
Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі.

Еңселі ескерткіш бой көтерді

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Көп ішінде Жидекең жайында алуан түрлі аңыз әрі ерқилы өңгіме бар. Десе де, аңыз дегеніміздің бір ұшы ертегіге барып тіреледі. Сол себепті көзі қарақты оқырман тарихи деректерге арқа сүйегені жөн. Ал, Жидебай Қожаназарұлы жайлы тиянақты зерттеп, соңына толайым тарихи мұра қалдырған жанның бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Тарихшы, ойшыл Мәшһүр-Жүсіп өзінің еңбектерінде батырдың шығу тегі мен ерлікке толы істеріне тоқталады.

Жидебай ерлік дәуірінде Бөгенбай, Қабанбай сияқты «Ақтабан шұбырынды» уақытында ел қорғаған атақты батырлардан кейін атқа қонған екінші лектегі батыр. Оны М.Көпейұлының шежіресіндегі мына бір өңгіме дәлелдейді: «Жеті, сегізге жеткенде Жидебайдың құлағы естиді: «Қаракерей Қабанбай батыр бүгін түнде Дос батырдың інісі Әлмұрат байдыкіңде қонып жатыр» дегенді «барсам, көрсем-ау!» – деп Жидебайдың түні бойы көзі ілінбей, аласұрады. Таң жаңа атуға сөуле беріп келе жатқан алагеуім қарсаңда көзі ілініп кетіп еді, Жидебайды әруақ түртеді, бабасы Дос батыр түсіне кіріп, аян беріп, оятады: «Балам, Қаракерей Қабанбайдан бата алып қал!» – деп. Шопшы тұра келіп, үстінде жаға-жеңі далба-далба боз көйлек, Қабанбай батырды іздеп, жаяу құстай ұшады. Қабанбай батыр аттанып барады екен. Алыстан немене екенін айырып, тани алмайды. Құстай ұшып келе жатқан бала екенін таныған соң, тосып тұра қалады. Бала жетіп келіп:

– Ассалаумағалейкүм!
– Уағаласейкүмассалам! Жолың болсын, сәлемші балам, қайда барасың? – дейді.

– Атың пышқан өз атамыз едің, бата алып қалайын деп едім, – дейді.
– Түнде түсімде Дос батыр айтып еді. Жарайсың! Жарайсың! Бата-сата не береді дейсің, төрт алмажайым бар еді, саған біреуін бердім, ал, балам! – деп, жүре береді. Сөйтсе, төрт алмажайының бірі «Қызыл түлкі» деген болады екен, сонысын беріп кеткен екен» – делінген.

Ауызша деректерде Жидебай Қожаназарұлының XVIII ғасырда Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше ерлігімен көзге түсіп, Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болғандығы туралы мәліметтер бар. М.Көпейұлы өзінің шежіресінде Абылай баһадүрдің үш жүзге хан болған кезінде Өлтеке, Сарым Жидебайды ханның атақты батырларының бірі және қолбасы деп атап өтеді. Ел арасында «Заман өтпес болсайшы-ай, Жидекем өлмес болсайшы-ай» деген сөз қалған.

Ер Жидебайдың бұқара арасында тек батырлық ісімен ғана емес, сонымен қатар, өулиелік қасиеті туралы аңыз бар. Оның аңыздағы көрінісі қос қызыл түлкі арқылы бейнеленеді. Халқымызда Жидекеңнің шешендік өнері жайлы ақпараттар сақталғанымен, оның шығармашылық мұрасы бүгінгі күнге дейін толық жетпей, ұмыт болған.

Жидебай батыр – ғасыр жасаған, сүйегі асыл адам. Кесенесі Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы

кентінің солтүстігіндегі Шерубай-Нұра өзенінен 50 пақырым жерде орналасқан.

Үстіміздегі жылдың қазан айының 7 жұлдызында Балқаш қаласында Жидебай Қожаназарұлының еңселі ескерткіші бой көтерді. Үр жаңа ескерткіштің ашылу салтанатына Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, тарихшы-ғалымдар мен батыр ұрпақтары қатысты.

Аймақ басшысы Ж.Қасымбек барша балқаштықтарды құттықтап, игі істің маңызына тоқталып өтті.

– Бүгін Балқаш қаласының төрінде қазақтың мақтанышына айналған айбынды батырларымыздың бірі Жидебай Қожаназарұлының ескерткішінің ашылуы, бұл батыр ұрпақтарының бабаға жасаған құрметі болып табылады. Тарихтан белгілі, Жидебай батыр Абылайханның сенімді серігі болған. Сонымен қатар, Жидебай батыр халық арасында шешендігімен танымал болған. Батырдың еңселі ескерткіші құтты болсын, – деді облыс әкімі Ж.Қасымбек.

Шара барысында батыр бабаның Қазақ-Жоңғар қақтығысындағы ерліктері мен ел тарихында алар ерекше орны сөз болып, баһадүрдің ғұмырнамасы баяндалды. Жалпы биіктігі 10 м болатын ескерткіш Шашубай пағын ауданындағы «Астана аллеясынан» орын тепкен. Ескерткіште жорыққа аттанып бара жатқан, бес қаруы сайма-сай, ат үстіндегі батыр бейнесі сомдалған. Осынау ғаламат туындының авторы – Нұржан Биомаров. Тұғырдың сырты мәрмөрмен қапталып, ескерткіш қоладан құйылған. Салмағы – 4 тонна.

Батыр ескерткішінің бой көтеруіне «Өлтеке Жидебай батыр» қоғамдық қорының төрағасы Саяхат Ыбышев, ұйымдастыру алқасының төрағасы Бақытжан Әрінов, тарихшы Қадыр Әпкеев, меценат Аманкелді Минигулов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы, батыр ұрпағы Рымбек Жүнісов, Заң ғылымдарының докторы, меценат Бақтыбай Жүнісов, Қазақ-Корей достық қоғамдық қорының Президенті Игнатий Те, «Балқаш Жібек Жолы» құрылыс фирмасының құрылтайшысы, меценат Серік Қасымбек, «ПСК Грант» ЖШС құрылтайшылары Арман Қалиев, Марат Битүсіпов, Руслан Битүсіпов және батыр баба ұрпақтары демеушілік етіп, осынау еңселі ескерткіштің бой көтеруіне мұрындық болды.

Салтанатты жиында ақын Н.Көрімнің сөзіне жазылған, сазгер Қ.Сәденовтың өні «Баһадүр бабам – Жидекем» өнін, күміс көмей, жезтаңдай өнші Д.Өркенов әуелете шырқады. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданының «Тоқырауын толқындары» халықтық өн-би ансамблі М.Хамзин атындағы Мәдениет сарайында мерекелік концертін пап етті. Сонымен қатар, баба ұрпақтарының ұйытқы болуымен «Қаракөз» дәмханасында Жидебай батырдың құрметіне арналған ас беріліп, батыр рухына Құран бағышталды.

Е.АЙТЖАН.

Кәсіби мереке

1911 жылы 18 ақпан күні тұңғыш рет әуе арқылы пошта қызметі іске қосылды. Үндістанның Аллахабада қаласынан шығқан ұшақ көріні Наниге алты мыңнан астам хатты тасымалдаған. Тынық мұхитындағы Вануату мемлекетінде су асты пошта бөлімшесі бар. Иә, дұрыс оқыдыңыз, су астында арнайы жасалған хаттарды жеткізетін және қабылдайтын су асты пошта бөлімшесі орналасқан. 3 метр тереңдікте орналасқан бөлімшеге шынымен де хат жолдай аласыз.

жасауына жол ашты. Көпестер жеке пошталарын ашты. Он тоғызыншы ғасырдың басында Еуропада қалалық және корольдік пошташылар жұмыс жасады.

Швейцарияда, Англияда және басқа елдер де осындай корольдік курьерлер тасымалдаумен айналысты. 1820 жылы Брайтондағы қағаз сатумен айналысатын Бревер деген саудагер кәдімгі конвертті ойлап тапты. 1840 жылы Ұлыбританияда пошта маркасының шығарылуы осы сала тарихының ең маңызды тұсы деуге болады.

Елімізде ресми пошталық байланыс бөлімшесі алғаш рет 1860 жылы Верныйда (Алматы қаласы) ашылды. Ол көп ұзамай пошта-телеграф кеңсесі болып қайта құрылған. Ал, 1883

қалааралық телефон байланысы жұмыс істей бастады. 1967 жылы Ақтоғай АТС-ы салынған. 1971-1977 жылдары кеңшарларда АТС-тер орнатылды. 1993 жылы аудан бойынша телефон жүйесінде «8» кодтық байланыс орнатылып, іске қосылды. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін пошта мекемесі «Қазпошта» АҚ Қарағанды облысы филиалының құрылымдық бөлімшесі болып өзгерді. 2003 жылғы «Қазақстан Республикасының Пошта туралы» Заңының шеңберінде күні бүгінге дейін халыққа қызмет жасауда.

Қазіргі күні Ақтоғай атыраптық пошта байланысы бөлімінде жиырмаға жуық адам жұмыс жасайды, оның екеуі – пошта тасушы. Осы қызметкерлердің жетеуі ауылдық округтердегі

Әлемдегі пошта қызметтері минутына жалты есепте 5 миллион хат пен затты басқа жаққа жөнелтеді. Жер бетінде хатты ең көп алатын екі адам бар: бірі – Рим папасы. Екіншісі – Аяз ата. 1985 жылдан бері өмірде жоқ болса да, «Аяз ата» атанып кеткен белгісіз мекендегі белгісіз адамға 18 миллион хат жазылған және пошта арқылы жіберілген.

Бұқаралық байланыстың алтын көпірі

9 қазан – пошташылар қауымының төл мерекесі. Дүниежүзілік пошта күні – Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде аталып өтетін халықаралық күндердің бірі. Бұл күн Дүниежүзілік пошта одағы 14-ші конгресінің шешімімен одақтың 1874 жылы құрылған күні құрметіне атап өтіледі.

1874 жылы 9 қазанда Швейцарияның Бьерне қаласында 22 елдің өкілдері Бас пошта одағының негізін бекітетін Берн келісіміне қол қойды. 1878 жылы одақ өз атауын өзгертіп, Дүниежүзілік пошта одағы (ДПО) деп атала бастады. Бүгінгі күні ДПО-ға 189 мемлекет мүше. Бүкіл әлемде 9 қазаннан бастап халықаралық хат апталығы өткізіледі.

Қазақ жерінде де поштаның өзіндік дәстүрлі тарихы бар. Ресми түрде пошта бөлімдері ашылмаған тұста да қазақ даласының о шетінен бұ шетіне хабар жеткізетін арнайы қызметкерлер болған. Жаушының, елшінің жолға шыққандағы мақсаты жауластыру, не елдеріне болғанымен, бұл мақсаттың түп-төркінінде бір жерден екінші жерге ақпарат жеткізу мұраты тұрған.

Мысалы, Әбілхайыр хан мен Әйтеке би саяси шаралар кезінде белгілі бір міндеттер атқаратын, сол заманның хабаршылары – жаушылар ұстаған. Тарихи әдебиеттерге қарап отырсақ, хабар жеткізушілерді әдетте ел ішіндегі ауқатты, беделді байлар, хандар ұстаған.

Әуелгі кезде адамдар маңызды ақпаратты дауыс арқылы берсе, кейін адам дауысы тек жақын аралықта ғана естілетін болғандықтан, ақпаратты барабан үрумен беретін болыпты. Бір жерден екінші жерге белгі беру үшін алғашқы адамдар от пен түтінді де пайдаланған.

Кейін сәлемдемелерді жаю адамдар мен атты адамдар таси бастады. Ежелгі Грекияда, Египет пен Қытайда, Рим империясында мемлекеттік пошталық байланыс эстафета арқылы берілетін жаю және атты тасымалдаушылардан тұрды. Хат тасу үшін кептерлер де пайдаланылған кездер де болған.

Орта ғасырларда Еуропада сауда мен қолөнер, ғылым мен мәдениеттің дамуы көптеген ақпарат тасымалдау қызметтері жүйесінің жұмыс



жылы оған 14 пошталық байланыс бөлімшесі бағынатын болған. Кейін Сырдария облысының Ташкенттегі пошта кеңсесіне бағынатын Перовск қалалық пошта бөлімшесі, Ростов телеграф округінің Нарынқұм теміржол бекетіндегі Нарынқұм пошта бөлімшесі, Орал губерниялық пошта-телеграф кеңсесі, Петропавл уезінің Петропавл пошта бөлімшесі және басқалар ашылды.

Қазақстан егемендік алып, азат ел болғаннан кейін аталмыш саладағы жағдай күрт өзгерді. 1992 жылдың 27 тамызында еліміз Бүкіләлемдік пошта одағына мүше болып кірді.

Ал, ауданымыздағы пошта тарихының тамыры тереңде жатыр. Пошта материалдары облыс орталығынан Ақдүр стансасы, Ақпатау кенті арқылы арнаулы ат көліктерімен тасымалданған. Жол бойында пошташылардың ат шалдырып, демалатын бекеттері болған. Аудан орталығынан елді мекендерге көлікпен пошта тасушылар арқылы жеткізіліп отырған. 1936 жылы аудандық радиобайланыс мекемесі құрылып, 1937 жылдан бастап пошта агенттері жұмыс жасай бастады.

Ал, 1938 жылы ауданға пошта тасымалдайтын екі кісілік ұшақ қатынай бастаған. 1960 жылдардан байланыс бөлімшелері, радио торабы, көп абоненттік АТС, телеграф және

бөлімшелерде қызмет түрлерін көрсетеді. Аталмыш сала мамандары «Қазпоштаның» тұрғындарға көрсететін қызметтерінің барлығын өз деңгейінде атқарып келе жатыр десек, артық айтқанымыз емес. Ел мен елдің арақатынасына алтын көпір болып тұрған пошта қызметінің міндетіне пошта жөнелтілімін, пошталық ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу, жіберу, жеткізу, еңбекақыны және әлеуметтік төлемдерді төлеу жатады. Сонымен қатар, коммуналдық салық және басқа да төлемдерді қабылдау қызметтерін де қатар жүргізеді.

Заманның ағымына, технологияның қарыштап дамуына сәйкес, электронды байланыс құралдарының пайда болуы пошта қызметіне деген қажеттілікті жоғалтты деп ойлайтындар аз емес. Рас, бүгінде күнделікті жаңалықтардан хабардар болу үшін газет-журналдарға жазылып, пошташының жолын сарыла күтетін заман емес. Дөңгеленген дүниенің бір шетіндегі оқиғаны қарапайым қалтафон арқылы да оқып-білуге болады. Айшылық алыс жердегі ағайынның хал-ахуалын әлеуметтік желі арқылы өп-сөтте білуге де болады. Десе де, пошта мен пошташының қызметіне деген сұраныс жойылған емес. Пошта қызметіне жүгінудің талғамына сай келетін жаңа қызмет түрлерін жандандыру,

қызметтердің сапасын көтеру, пошта жөнелтілімінің мерзімін қысқарту бағытында жұмыс әрдайым жүргізіліп келеді. Соған сәйкес пошта қызметі нарықтық заманға икемделіп, дамып келе жатқан маңызды салалардың біріне айналды.

Ауданымыздағы бөлімше де дәстүрлі пошталық қызметтерден бөлек, заман талабына сай жаңа қызмет түрлерін меңгерді. Мәселен, ақша айырбасы және теміржол билетін сату операциялары, халықтан депозиттерді қабылдау, инкассация, ақша тасымалдау, зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары клиенттерін тарту ісі пошта қызметінің шеңберінде жүзеге асады. Тұрғындар осы аталған қызметтің барлығын электронды түрде «Қазпоштаның» сайтынан ала алады. Сондай-ақ, аудан халқы еліміздегі екінші деңгейлі банктерден алған несиелерін пошта кассаларында төлей алады. Аудандық пошта бөлімшесіндегі «Банк Хоум Кредит» АҚ-ның филиалы арқылы несие алуға болады. Осындай қызметтерге сәйкес пошта қызметін тұтынушылар көп. Сонымен қатар, қазіргі уақытта қоғамда қарыштап дамып, күнделікті қолданысқа дендеп енген «Каспий голд» картасындағы қаражатты аудандық пошта бөліміндегі банкоматтан пайыздық мөлшерлемесіз шепіп алуыңызға болады.

– «Қазпошта» – халыққа адал қызмет жасайтын үлкен компания. Біздің қызмет заман ағымына қарай жаңғырып, жаңарып отырады. Сондықтан, мұнда барлық қызмет түрлері бойынша үйрету-оқыту жұмыстары үнемі жүргізіледі. Бұл сала мамандарының өз істерін жоғары дәрежеде атқаруға және тұрғындарға дұрыс түсіндіру үшін қажет. Соның нәтижесінде болар, бүгінде ауданның шалғай ауылдарындағы тұтынушылардың өзі аудандық поштаның қызметіне дән риза, – дейді Ақтоғай атыраптық пошта байланыс бөлімінің басшысы Н.Сейілханов.

Е.АЙТЖАН.



өтетін халықаралық этнофестиваль, халық шығармашылығы байқаулары сөзіміздің жанды айғағы. Елімізде халқымыздың қолданбалы қолөнерін, мәдениеті мен ұлттық спорттың жан-жақты насихаттау бағытындағы жұмыс жылдан-жылға жанданып келеді.

Күні кеше Ақтоғай ауданында «Сарыарқа өендері» атты аймақтық халық шығармашылығы байқау-конкурсы өтті.

Бұл күні аудандық мәдениет үйінде бабадан қалған асыл мұралардың көрмесі ұйымдастырылып, аудан өнерпаздары ұлттық өн өнерін жаңғыртып, Ақтоғай аспанын өнге бөледі.

Шараға облыстық мәдени-сауықтыру және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы К.Садвокасова, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі Тәттімбет

тындарманын төңгі етсе, Халықаралық «Алаш стар» байқауының «Вокал» номинациясы бойынша жеңімпазы атанған жас өңші М.Русланқызы көрермен көзайымына айналды. Сонымен қатар, «Балбырауын» халықтық би ансамблінің мың бұралған бишілері кеш шырайын кіргізді. Өнер өлкесінде өткен шырайлы шара «Тоқырауын толқындары» халықтық өн-би ансамблінің орындауындағы

Ұлт өнерінің алтын құрсағы

13 қазан күні аудандық Мәдениет үйінде облыстық «Сарыарқа өендері» халық шығармашылығы байқауы болып өтті. Іс-шара Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылды.



Шығысын шөлге беріп, төрт құбылысын желге беріп керіле созылып жатқан сары дала – Сарыарқа атауы халық атауы. Арқадай кең көсіліп жатқан сағым ойнаған сары дала – ұлт өнерінің алтын құрсағы десек, еш қателеспейміз. Әр жылдары

Шараның мақсаты – шығармашылық, музыка, қазақтың қолөнері арқылы халық пен өлке мәдениетін көрсету. Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау облысымызға қарасты бүкіл

аттындағы Академиялық қазақ халқы аспаптар оркестрінің дирижері Ә.Шоқанбаев, республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің өртісі А.Жүкенова, ОМС және ХШҒӨО-ның Үлгілі «Куаныш» хореографиялық ансамблінің жетекшісі А.Тайболдина және облыстық бейнелеу өнері мұражайының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы М.Елубаева қазылық етіп, өңір тарихымен танысты. Байқау барысында аудан өнерпаздары өн-жырдан шашу шашып, қазақы салт-дәстүрді дәріптеген «Ауыл тойы» сахналық қойылымын жиылған жұртшылыққа ұсынды. Кеш шымылдығы вокалды ансамбльдің орындауында «Ауылым» өнімен ашылды. С.Сәрсенқұлов, Ж.Жакупов, Н.Әлібеков, Ә.Ноғаева, Ш.Есімхан, А.Есімова және Қ.Тахсин «Айтбай», «Тәкку», «Маржан қыз», «Ақ баян», «Қазақ вальсі», «Толғау», «Шіркін-ай», «Біздің жақта» өндерімен



«Ақтоғай – алтын бесігім» өнімен түйінделді.

Өнерпаздардың өнерін бағалап, бағыт-бағдар беру үшін облысымыздың мәдениет пен өнер майталмандарынан құрылған қазылар алқасы қатысушыларға шығармашылық табыс тіледі.

Думан ҚАБЫЛ

А.Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл

Ахмет Байтұрсынұлы жайлы 20 дерек

Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы жайлы қанша айтып жазсақ та артық болмайды деген оймен өмірінің ең өзекті кезеңдерінен 20 дерек ұсынамыз.

1. Ахмет Байтұрсынұлының нақты туған күні көп уақыт бойы белгісіз болған. 2017 жылы қараша айында қазақ ағартушысы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туған күні Қазақстан Республикасының елдерінің тілдері күні болып жарияланды. Оған түсіндірме берген қазақ өліпшесін латиницаға әзірлеуші Ербол Тілепшев: «Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген деген мәлімет болған, алайда кейін мен Тілдерді дамыту басқармасында қызмет істегенімде Ахметтің қолжазбасы бар үш құжат табылған. Олардың ішінде «5 қыркүйекте дүниеге келдім» деген сөзі бар екен. Сондықтан осындай шешім қабылданды» дейді.

2. Ахмет 13 жасқа толғаннан кейін олардың ауылына полковник Яковлев жетекшілігімен полиция қызметкерлері келіп аласат салған. Ахметтің әкесі Шошақұлы Байтұрсын мен Ахметтің үш ағасы қорлыққа шыдамай полковникті ұрып-соққан. Осы әрекеттері үшін олар Сібірге 15 жылға айдалған.

3. Қостанай уезінде қызмет істеп жатқан

кезінде Ахмет Аманқарағай орман шаруашылығының бастығының (кей деректерде қатардағы орманшының делінеді) үйінде тұрып соның қызы Александра Ивановнаны сүйген.

4. Александра Ивановна 1878 жылы Челябинск ауданында дүниеге келген. Әулікөл ауылында орыс-қазақ мектебінде мұғалім болып істеген кезінде Ахмет Байтұрсынұлымен танысады.

5. Жастар нежелерін Троицкте жастар мұсылман дәстүрімен қиған. Атақты дін қызметкері Зейнолла-ишан алдында Ахмет Александраны татар қызы ретінде Бадрисафа Мұхаммедсалыққызы Байтұрсынова деп жазып алған. Сөйтіп, Ахмет әйелін 2-3 айға мешітке мұсылман әдет-ғұрыптарын үйрену үшін қалдырған. Бадрисафа шариятты дереу игеріп алып, өмірінің соңына дейін мұсылман ерлі-зайыпты болған.

6. Ахмет Байтұрсынұлы 1905 жылғы «Қарқаралы петицияның» авторларының бірі болған. Сол петиция қазақтардың жерін экспроприациялануын доғаруды, аугандардың зегін аялдатуды және де ұлттық земстволардың құруын декларациялады.

7. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазбасын қайта құрастырған. Ол қазақ тілінде қолданылмайтын араб әріптерін

қолданудан шығарып, қазақ тіліне жаңадан төң, ерекше әріптерді қосқан. «Жаңа емле» атты жаңа өліпшесі қазірде Қытай, Ауғанстан, Ресей, Ирандағы қазақтар пайдаланады.

8. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің бірінші редакторы болған. Басылымның үш мыңнан аса жазылмандары болған, оны қазақ даласында, Қытайда және Ресейде оқыған. Сол газеттің беттерінде Байтұрсынұлы өзінің пікірлестерімен қазақ тілінің дамуының мәселелерін көтеріп, халықты бірлікке және саяси күреске шақырған.

9. Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылғы революциялар толқынында қазақтың ұлттық мүддесін көздеген Алаш қайраткерлері тобының басында тұрды, зиялылар қауымының рухани көсеміне айналды. Ол Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлы секілді айнымас серіктерімен бірге қазақ халқының еркіндігі жолында тайсалмайтын ұлы күреске түсті.

10. Ахмет өзін ақын және мысал жазушы ретінде байқап көретін. Мысалы, ол Эзон, Лафонтен, Крыловтың мысалдарының классикалық сюжеттерін негізге алып, оған ұлттық ерекшеліктерін қосып Ресейдің отарлаушылық саясатын, биліктің озбырлығын әйгілейтін біртума

шығармаларды жарыққа шығарған.

11. Торғайдың тұрғыны Жүсіпбек Салықов Ахмет Байтұрсынұлы туралы осындай өңгіме айтып берген: «1923 жылы Ахметпен Бадрисафа Орынбордан Торғайға жол жүріп бара жатқан кезде олар Құмкөл деген жерде жергілікті дін адамдардың басшысы хазірет Нәуен Нұртазиннің үйінде тоқтаған. Қазір сол жерді Жанкелді ауданының Шиелі ауылы деп білесіздер. Жас айырмашылығына қарамастан (хазірет Ахметтен бірнеше жас үлкен болатын) екеуі жақын дос болып бір-біріне қалжың айтатын.

12. «Мен 9 жасымда жетім қалып Ахметтің туған ағасында мал баққанмын. 1926 жылы Қали аға қайтыс болған. Бір жылдық асқа Ахмет аға мен Бадрисафа келген. Мен қотыр ауруынан азап шегіп, аш және алба-жұлба жетіммін. Ел менің қасымда тұрудан аулақ болған, мені айналып өтетін. Мені құтқарған – Ахмет аға. Ол мені алып, Бадрисафаға тапсырған. Бадрисафа өз қолымен мені емдеп, өлімнен құтқарған. Ахмет ағаның және оның әйелі Бадрисафаның бекзаттығын мен ешқашан ұмытпаймын» деп Ахметтің туысқаны Аубек Сатыбалдыұлы дерек айтады.

Мақала ғаламтордан алынды. (Жалғасы бар).



Жалғыз және қайталанбайтын: орнықты әрі сенімді құпиясөздерді қалай жасауға болады?

Алаяқтардың құрбанына айналмас үшін және өзіңіздің идентификацтау деректеріңізді қорғау үшін мобильдік банкингте, электрондық поштада, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда және сан алуан сайттардағы аккаунттарда өз жеке кабинетіңізге бірегей, сенімді және әртүрлі құпиясөздер жасау маңызды. Fingramota.kz бірнеше пайдалы ұсыныстар береді.

Киберқылмыскерлер құпиясөздерді бұзу, сонымен қатар сіз және сіздің қартаңыз туралы ақпарат алу үшін күрделі

Үшіншіден, құпиясөзді құрастырған кезде оның қайталануына жол бермеңіз, яғни ол бірегей болуға тиіс. Сондай-ақ, кейбір пайдаланушылар барлық жерде бір ғана құпиясөзді қолданып, үлкен қателік жібереді – оны бұзған алаяқтар басқа сайттардағы сіздің деректеріңізге қол жеткізе алады.

Мұндай құпиясөздерді қалайша есте сақтауға болады?

Күрделі құпиясөздерді үнемі ауыстырып отыру және есте сақтау



заманауи технологияларды қолданады. Мысалы, бұл пайдаланушылардың құпиясөздерінде қолданылатын үлгі сөздерді қамтитын, кіріктірілген құпиясөз сөздіктері бар бағдарламалар не брутфорс-алгоритмдердің көмегімен символдардың сан алуан түрлерін сұрыптайтын бағдарламалар болуы мүмкін – бұл біреудің құпиясөзін табуды көздейтін автоматтандырылған әрекет.

Алаяқтар өздерін беделді және танымал ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстыра отырып, фишинг-шабуылдарды жиі ұйымдастырады. Олар әлеуметтік инженерия әдістерін қолданып, пайдаланушылар құпия деректерді өз еркімен беру үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Қаскүнемдер клон-сайттар жасайды немесе олардың көмегімен қажетті мәліметтерді ұрлау мақсатында азаматтардан зиянды қосымшаны жүктеуді өтінеді.

Алаяқтықтан қорғану тәсілдерінің бірі күрделі, мысалы, сұрыптау әдісімен жасалған құпиясөздер болып табылады, оларды бұзу оңай емес. Сондықтан, интернеттегі деректердің қауіпсіздігіне көбірек назар аударған және Serik26091983 немесе Osen12345 сияқты жеңіл құпиясөздерді орнатпау керек.

Құпиясөз қандай болуға тиіс?

Бірінші кезекте, ол кем дегенде 12 символдан тұруы тиіс. Және де онда түрлі регистрлердегі сандар мен әріптер ғана емес, сондай-ақ түрлі символдар болуға тиіс. Мысалы: 5Gts@_BNp8l\$. Символдардың орналасуы ешқандай да бір әдіске сәйкес келмеген кезде мұндай құпиясөзді білу қиына түседі.

Екінші кезекте, құпиясөзді жиі, айына бір рет немесе тоқсанына бір рет ауыстырып отыру қажет.

өте қиын. Ол үшін арнайы онлайн-құралдарды қолдануға болады. Мәселен, сандар, әріптер мен символдардан бірегей комбинациялар жасау үшін алгоритмдерді қолданатын кездейсоқ құпиясөздерді ойлап шығарушылар-генераторлар. Алайда, бұл жерде іздеген барысында алағайқы табылған сервисті емес, тексерілген сервистерді пайдаланған маңызды. Себебі белгісіз онлайн-сервистерді қолданған кезде алаяқтыққа тап болу тәуекелі бар.

Сенімді құпиясөзді жасағаннан кейін оны ұмытпау үшін сақтап қою керек. Ешбір жағдайда оны телефонға, қағазға және компьютерге жазбаңыз. Құпиясөздерді сақтау үшін қауіпсіздіктің жоғары деңгейі бар арнайы бағдарламалар бар.

Құпиясөздерді жасау және одан әрі пайдалану туралы бес кеңес:

1. Ешбір жағдайда құпиясөздерде өз атыңыз, тегіңіз, туған күніңіз сияқты жеке ақпаратты пайдаланбаңыз.
2. Құпиясөздерде 123456 немесе qwerty сияқты пернетақталар тізбегін пайдаланбаңыз.
3. Құпиясөздерді кем дегенде үш айда бір рет жаңартып отырыңыз.
4. Құпиясөздерді еш жерде жарияламаңыз және ешкімге, әсіресе SMS, WhatsApp, Telegram және электрондық пошта арқылы жібермеңіз.
5. Антивирусты жаңартуды және екі факторлы аутентификацияны қолдануды ұмытпаңыз. Бұл жағдайда қызметтерге қол жеткізу үшін сізге SMS арқылы жіберілетін қауіпсіздік коды қажет.

Мұқият болыңыз және қаржылық сауаттылығыңызды Fingramota.kz-нен бірге арттырыңыз!

Единственные и неповторимые: как создать устойчивые ко взломам пароли?

Чтобы не стать жертвой мошенников и защитить свои идентификационные данные, важно создавать уникальные, надежные и разные пароли к своему личному кабинету в мобильном банкинге, электронной почте, аккаунтам в соцсетях и учетным записям на разных сайтах. Fingramota.kz даст несколько полезных рекомендаций.

Киберпреступники используют сложные современные технологии, чтобы взломать ваши пароли и получить информацию о вас и вашей карточке. К примеру, это могут быть программы со встроенными словарями паролей, которые комбинируют шаблонные слова, используемые в паролях пользователей. Либо программы, которые перебирают всевозможные сочетания символов с помощью брутфорс-алгоритмов – это некая автоматизированная попытка угадать чужой пароль.


Мошенники все чаще устраивают фишинг-атаки, представляясь работниками авторитетных и известных организаций. Они используют методы социальной инженерии, делая

быть оригинальным и уникальным. Также некоторые пользователи совершают большую ошибку, используя везде один и тот же пароль – взломав его, мошенники могут получить доступ к вашим данным на других сайтах.

Как можно запомнить такие пароли?

Постоянно обновлять сложные пароли и держать их в памяти очень сложно. Для этих целей можно использовать специальные онлайн-инструменты. К примеру, генераторы случайных паролей, в которых применяются алгоритмы для создания уникальных комбинаций из цифр, букв, символов. Но здесь важно использовать проверенные сервисы, а не те, которые первыми попались в поисковике. Потому что при использовании неизвестных онлайн-инструментов существует риск столкнуться с мошенничеством.

После того, как вы создали свой надежный пароль, его нужно сохранить, чтобы запомнить. Ни в коем случае не записывайте его в телефон, на бумажках



всевозможные, чтобы пользователи самостоятельно передали им секретные данные. Злоумышленники создают сайты-клоны или просят граждан скачать вредоносное приложение, с помощью которых крадут нужные сведения.

Одним из способов защиты от мошенничества являются сложные пароли, которые не так просто взломать, к примеру, методом перебора. Поэтому важно уделять повышенное внимание безопасности своих данных в интернете, и не ставить легкие пароли вроде Serik26091983 или Osen12345.

Каким должен быть пароль?

В первую очередь, он должен состоять как минимум из 12 символов. И в нем должны быть не только цифры и буквы в разных регистрах, но и различные символы. Пример: 5Gts@_BNp8l\$. Когда расстановка символов не следует никакому определенному методу, угадать такой пароль очень трудно.

Во-вторых, пароль нужно часто менять, желательно раз в месяц, или хотя бы в квартал.

В-третьих, избегайте повторов при составлении пароля, то есть он должен

и в компьютере. Для хранения паролей существуют специальные программы, имеющие высокий уровень безопасности.

Пять советов по созданию и дальнейшему использованию своих паролей:

1. Ни в коем случае не используйте в паролях персональную информацию: имя, фамилию, дату рождения.
 2. Не используйте в паролях такую последовательность клавиатурных клавиш, как 123456 или qwerty.
 3. Меняйте пароли на новые хотя бы раз в три месяца.
 4. Нигде не публикуйте и никому не пересылайте свои пароли, особенно через SMS, WhatsApp, Telegram, а также по электронной почте.
 5. Не забывайте обновлять антивирус и пользоваться двухфакторной аутентификацией. В этом случае для доступа к сервисам потребуются защитный код, который может быть прислан через SMS.
- Будьте внимательны и повышайте свою финансовую грамотность вместе с Fingramota.kz!

Ахметов Базылкәрім

Шабанбай би ауылының тумасы **Базылкәрім Ахметов** 86 жасында 5 қазан күні өмірден өтті.



Базылкәрім Ахметов 1936 жылы 2-мамырда (бұрынғы 5 декабрь колхозында) қазіргі Шабанбай би ауылында дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысына дәп келіп, сол кездегі ауылдағы қандай жұмыс болсын өзі қатарлас жас балалар, аналармен бірге еңбек етіп, «бөрі де майдан үшін» деген ұранмен жеңісті жақындатуға үлесін қосты. Орталықтағы жетіжылдық мектепте білім алып, 1955 жылы 19 жасында Совет Армиясы қатарына шақырылған. Хабаровск, Владивосток, Москва, Ташкент қалаларында және орыс аралында (Русский Остров) 8 ай, Украина жерінде де әскерлік міндетін 5 жылдай атқарып, туған еліне аман-есен оралған.

Ақмола қаласында ең алғаш радист-электрик мамандығын алған. Жер асты кабелін тарту, радио нүктелері мен радио торабы аппаратын орнату арқылы халықты ақпараттандыруға ерекше үлес қосқан жан. Кейіннен қосымша «Казсельхозтехниканың» Сәуле бөлімшесінде оқып, тракторист мамандығын алады. Сондай-ақ, аудандық, облыстық газеттерде өлең-мақалалары да жарияланған.

Б.Ахметов Қарағандыдан жоғарғы кернеулі электр энергиясының оқуын бітіріп, электр мамандығын алады. Аталмыш салада жас электромонтерлер тәрбиелей жүріп, табысты еңбек етті. Еңбегі елсіз, «Үздік электрик» атағын алып, бірнеше дипломдар мен Құрмет грамоталарымен марапатталған. ҚарЭнергияда Құрмет тақтасына ілінген. Сонымен қатар, «1977 және 1979 жылдардағы социалистік жарыс жеңімпазы» (22.12.1977 ж.) белгілерімен, «ХІ бесжылдық екпіндісі» (25.11.1982 ж.) белгісімен, «Еңбек ардагері» (1984 ж.) медалімен, «Тыл ардагері» медалімен, «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атағы медалімен (2000 ж.) «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 60 жыл және 65 жылдық» мерекелік медальдарының иегері. Сонымен қатар, «Еңбек және тыл ардагері», «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атанып, Шабанбай би ауылындағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы болды.

Осы еңбектерінің арқасында зейнеткерлік демалысқа шыққан Зайыбы ардагер ұстаз, зейнеткер Игенқұлова Сағынтай екеуі 5 бала тәрбиелеп, 14 немере сүйіп, балаларын білім жолына, өнерге баулыған ата-ана. Немерелерінің алды жұмыс істеп, кейінгілері мектептерде білім алуда.

Шынықтың шыңына шығып, әділдіктің туын ұстап, халқына сыйлы болған ардақты жаңа асқар таудай өке Базылкәрім Ахметовтың есімі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Отбасы мен туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

С.Әбеуова, Р.Әбеуов, Қ.Қошантаев, С.Амралин, А.Аманжолов, Б.Әмірғасым, А.Түкбаева, Т.Таукеев, Н.Жаңабергенов, Қ.Рысбеков, С.Сыздықов, А.Мұрасов, К.Нұржігітов.

Қалнов Құрманғазы, Сарыбаева Рәш



Асыл да, адал достарымыз **Қалнов Құрманғазы мен Сарыбаева Рәш** 63 жасқа қараған шағында қол ұстасып мәңгілік сапарға аттанып кете барды. Шаттығы шалқып, балалары мен немерелерінің қызықтарын қызықтап, ордалы отбасы болып күн кешіп, ат басын бұратын бір үйіміз болып отырған Құрманғазы мен Рәштан осылай бір мезетте, кезіткен айырылып қалғанымыз қабырғамызды сөгіп, жүрегімізді жылатты.

Құрманғазы Ақтоғай ауылында туып-өскен. Жолдасы Рәш – Кіші жүз, Ақтөбе облысынан. Құрманғазы он жылдық орыс орта мектебін ойдағыдай бітіріп, одан кейін әскери орталықтың шақыртуымен Польша мемлекетінде әскер қатарында болды. Мектепте жүріп спортқа деген ынтасымен оның өртүрімен пұғылданып, көптеген жетістіктерге жетіп, мектеп, аудан намысын қорғап, облыс көлемінде үлкен жетістіктер көрсетіп, спорт сүйер қауымның ризашылығын алушы еді. Отан алдындағы борышын адал атқарып келген соң туған ауылында өр салада (ПМК-құрылыс мекемесінде, РайПО-тұтыну қоғамында, Киносеть, АТП-автоколонна) қажырлы еңбек етті. Алматы қаласындағы Ауыл шаруашылығы институтын сырттай бітіріп, инженер-электрик мамандығын алды.

Кейінгі жиырма жылдан астам уақытта Қарағанды қаласында тұрып, алған мамандығы бойынша бірнеше жыл қызмет атқарды. Техниканы жетік меңгерген арда азамат кімге болса да көмегің, ақыл-кеңесің, қол ұшын беруден қашпайтын шебер жан еді. Дос-жолдасқа берік, қай жерде болмасын қорғаншы болып, қол созуға дайын тұратын.

Жары Рәш екеуі бала өсіріп, немере сүйді. Өмірінің соңына дейін екеуі сыйластықта болып, өздерінің бірге өскен, бірге оқып, бірге әскер қатарында болған достары мен аралас-құралас болып, отбасылық жолдастықтың берік мызғымас бірлігін сақтады. Даладай дархан мінезі, кірпіксіз ақ жүрегі ешкімді жатсынбайтын, керісінше баршаны бауыр тартып, үйіне бас сұққан әрбір жанға төрден орын беретін. Туған еліне, жеріне, бірге өскен достарына сағынышпен келіп, демалып, табиғатты тамашалап, бір аунап-қунап қайтушы еді.

Қашан да маңайына мейірім шуағын шашып жүрген жайсаң жандардың жайдары жүздері ел есінде мәңгі қала бермек. Қалнов Құрманғазы мен Сарыбаева Рәштің отбасы мен туған-туыстарына, барша жақындарына қайғыра отырып, көңіл айтамыз. Марқұмдардың жаны жәннатта, төні рахатта болсын.

1977 жылы мектеп бітірген достары, кластастары.

Еске алу



«Өмір өткініші, дүние жалған» деген сөздерді тағы бір дәлелдеп, арамыздағы бір отбасының мүшелері, елге сыйлы, халыққа қалаулы, аяулы жандарымыз **Қалнов Құрманғазы мен Сарыбаева Рәштің** ойламаған жерден өмірден ерте озып кетуі жүрегімізде мұң, жанарымызда жас болып қалды.

Қалновтар әулеті.

Еске алу



Шабанбай би ауылының тумасы, ардақты өке, асыл жар бола білген **Пішенбаев Бағдат Қазкенұлы** тірі болғанда қазанның 17-сі күні асқаралы 60 жасқа толар еді. Алайда, Алланың дегеніне кім қарсы келіпті?! Тағдырдың жазуынан асар пенде жоқ. «Асқар тау алыстаған сайын биіктейді» дегендей, біз үшін сіздің нар тұлғаныз өркез биікте

болмақ. Тіршілігінде бірнеше буын жас ұрпақтың көкірек кезін ашып, көңіл көюкіегін кеңейтіп, саналы ғұмырын білім беру ісіне арнаған өкеміздің салып кеткен сара жолы біз үшін туралыққа бастайтын дара жол болары сөзсіз. Маңайына мейірім шуағын төгіп тұратын, қашанда ортасына сыйлы болған, ағайын-туысқа қадірлі өкемізді езіле де, егіле де еске аламыз. Қара жер түгілі, қатты сөзге қимайтын ардақтымызға қол жайып, дұға бағыштаудан басқа амалымыз бар ма?! Жаның жәннатта, төнің рахатта болғай, жан өке!

Тең келмейтін алтын да еш қолдағы,
Өзің едің, өке, үйдің зор бағы.
Жарық берер күніміздей көктегі,
Болушы едің жанымыздың қорғаны.
Бізді торлап алмасыншы уайым,
Жатқан жерің мамық болсын лайым.
Құран нұры нұрландырып өрдайым,
Қорғасыншы, қолдасыншы Құдайым.
Еске алушылар: анасы – Алтын, жұбайы – Жәния, балалары – Ақжол, Гүлжан, бауырлары.

Еске алу

Арамызда күліп-ойнап, жар-қылдап жүрген өріптесіміз **Адибекова Жазира Зиядақызы**на қапыда айырылып қалғанымызға 40 күндей уақыт болыпты. Өлім түгілі, өкпеге қимайтын бауыр, өріптесіміз жайлы енді жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?! Енді тек қана қол жайып, Жаратқанға жалбарынып, рухына дұға бағыштаймыз.



Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс-сауабың,
Жатқан шығар рухыңменен қауышып.
Адам мәңгі жүрмейді мына жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Кезімізге ып-ыстық жас келеді,
Бір өзінді сағынып еске алғанда.
Еске алушылар: Ақтоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы.

Ақтоғай ауданының өкімдігі мен аудандық мәслихат аппараты Қараменде би ауылдық округінің өкімі **Өзіров Қайрат Әзірұлына** апасы **Әзірқызы Рымтайдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ақтоғай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мекеменің іс қағазын жүргізуші **Өміржанова Айнұрға** әкесі **Өміржанов Уалидің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты **КММ-нің** ұжымы аталған мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Ахметова Тоғжанға** әкесі **Ахметов Базылкәрімнің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) **КММ** ұжымы мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары **Қалнов Арынғазыға** ағасы **Қалнов Құрманғазы мен** жетесі **Құлыбекқызы Рәштің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!
«Алтыналмас АҚ» АҚ «Қарағанды облысындағы Бақтай кен алқабындағы (алтын) іздеу жұмыстарының жобасына қосымша» (2024 жылға дейін ұзартыла отырып) Барлау жоспарына рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауды өткізудің басталатыны туралы хабарлайды.

Ең жақын елді мекен – Ақжайдақ ауылы.
Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 18.11.2022 жылы сағат 16:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақжайдақ ауылы, Бөйтерек көшесі, 37 (вокзал ғимараты, күту залы). Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс).

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg Идентификаторы: 320 844 9619. Кіру коды: 8dxVkQ.

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz> сондай-ақ, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан әл. пошта арқылы сұрауға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://ecportal.kz> және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, тел.: 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі(-лері): «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы – «Алтыналмас АҚ» АҚ, БСН 950640000810, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 15-үй.

Өзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс, тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

АБ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители!

АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту нормативов допустимых выбросов к Плану разведки (Дополнение к Проекту поисковых работ на Бактайском рудном поле (золото) в Карагандинской области» с продлением до 2024 года).

Ближайший населенный пункт – село Ақжайдақ. Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 18.11.2022 года в 16:00 по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о., с.Ақжайдақ, ул.Байтерек, 37 (здания вокзала, зал ожидания). Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg. Идентификатор: 320 844 9619. Код доступа: 8dxVkQ.

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл. почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://ecportal.kz> и по адресу г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел.: 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ» - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Инициатор намечаемой деятельности – АО «АК Алтыналмас», БИН 950640000810, Юридический адрес предприятия: г. Алматы, Бостандықский р-н, Площадь Республики, д.15.

Разработчик – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, улица Лободы, строение 40, тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

31 октября 2022 года в 12.00 часов по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Ақтоғай, ул. Ө.Бөкейхан дом 4, (зал совещания аппарата акима Ақтоғайского района), а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) конференции Zoom по ссылке: (<https://us05web.zoom.us/j/88598332585?pwd=S0V4MUZNeM2d2FKZitSTWV0cDgxQT09>) идентификатор конференции: 885 9833 2585 код доступа: 123456) по рассмотрению заявки ТОО «Ақтоғай Су» на утверждение тарифов и тарифных смет на услуги по подаче воды по распределительным

сетям, представленных в соответствии с Правилами формирования тарифов и тарифных смет, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90-ОД.


На слушания приглашаются депутаты маслихата, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

АБ

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, отбасының тірегі Келдібеков Болатты зейнеткерлік жасқа келуімен және немересі Асыланды 5 жасқа толған мерейлі қуаныштарымен шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, құт-береке тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, алдағы өміріңіз тек қуаныш пен шаттыққа толы болсын. Жасыңызға жас қосылып, әрдайым ортамызда мәртебеңіз биіктеп, әлі талай белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз. Сүйікті, балдай төтті балапанымызға өлеңнің барлық жақсылығын, мықты денсаулық, шаттығы мол өмір, бақытты балалық шақ тілейміз. Болашақта елінің елулісі, халқының қалаулысы болсын деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жанұяң мен туыстарың,
Жалғансын ақ тандарың нұрын пашқан.
Құттықтаушылар: ата-әнесі – Сейітхан-Қарлыға,
балдыздары – Гаухар, Дәулет, Дулат, Шалқар, Гүлім,
Думан, Дәуреннің отбастары.



Құттықтаймыз!


Құрметті бауырым Төлүбаев Нұрлан!
Жарық дүниенің алғаш есігін ашқан туған күніңіз – 60 жасыңыз құтты болсын! Қосағыңызбен қоса ағарып, Бекадан немере, шөбере сүюге Алла нәсіп етсін. Жаратушы ием бөле-жаладан сақтасын. Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп жүре беріңіз. Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз.

Әр күнің тек бақытпен өрілсін,
Ұрпақтарың тек биіктен көріңсін.
Өмір алда, қуанышты күн кешіп,
Өсіп-өніп, кеңі берсін өрісін.
Тілек білдірушілер: апаң – Үміт, жиендерің – Сәулә,
Ермек, Айдын, Ханшайым, Балғын.

Құттықтаймыз!

Ақши ауылының азаматы Омаров Абзал Өрікбекұлының кемел жас елуге толуы – біз үшін үлкен қуаныш. Осы қуанышты сәтте сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз. Немере-шөбере көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын. Көпшіліктің ыстық ықыласы мен ризашылығына бөлене беріңіз!

Елу деген – ердің жасы еңселі,
Елу деген – парасаттың өлшемі.
Жарқылдасан самғап ұшқан сұңқардай,
Азамат деп мақтан тұтар ел сені.
Тілек білдіруші: Ақши негізгі орта мектебінің ұжымы.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

